Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің оқушыларының тамақтануына байланысты жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша хабарлама 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген.

2024-2025 оқу жылының 3-тоқсаны бойынша жоспарға сай мектеп бойынша оқушылардың тамақтану сапасына комиссия төрайымы мен мүшелері кезекті

Комиссия төрағасы: Л.М.Умирзахова – мектеп директорының м.а

Комиссия мүшесі: И.Сүйншқалиева –МДТІЖО

А.Сейтова- әлеуметтік педагог м.у.а

А.Торғаева- мектеп психологі

С.Лутова – медбике

М.Жұпқалиева – шаруашылық меңгерушісі

Э.Байгазиева-ата-аналар комитетінің мүшесі

6 мониторинг жүргізді. 3-тоқсанның қорытындысы бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны - 43. 1-4 сыныпта - 41, 5-11 сыныпта – 2 оқушы. Оның аз қамтылған отбасындағы оқушылар – 1 (6 а сынып), ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар – 1 (7 сынып).

Тексеріс барысында асхананың жұмысына бақылау жасалды. Жалпы асхананың тазалығы жақсы, гигиеналық талапқа сай, оқушылардың тамақтануына қалыпты жағдай жасалған. Мектеп асхана залында, ас блогінде, қоймада, сыртта, дәліз бойында бейнекамера орнатылған. Қол жуатын орындар тағайындалған. Қол жуу үшін раковиналар, қол жууға және кептіруге арналған құралдар орнатылған. Тағамдар ас бөлмесінің қоймасында сақталған. Ас мәзірін әзірлейтін блоктың санитарлық жағдайы жақсы, күнделікті қолданылатын ыдыстары, құралдары таза, жеткілікті. Тамақ ішуге асхана залында 40 орын дайындалған. Ас блогінде құрал-жабдықтар толық қамтылған. Өнімдерді дайындауға арналған үстелдер, пышақтар, қазандар, ыдыстарды кептіруге арналған сөрелер, электронды тағам жылытқыштар, тамақ пісіруге арналған пештер, ыдыс жуатын орындар. Тағамдар ас бөлмесінің қоймасында сақталған. Тағамдарды сақтайтын қойманы да қарап, тексеру жүргізді.

Қоңырау сайын сынып жетекшілер бірге келіп оқушылардың тамақ ішуін үнемі бақылауда ұстап отыр. Оқушыларға берілетін тағамдар ас мәзіріне

сәйкес дайындалған. Күн сайын тамақтану залында мектеп директоры бекіткен ас мәзірі ілінген, онда тағамның атауы, әрбір дайын тағамның құрамы, мөлшері көрсетілген. Барлығы да өз нормасында, грамдарына сай берілді. Тамақтың сынамасы күнделікті алынып отырады. Әр тағамның сертификаттары бар, сәйкес келеді. Күн сайын дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау, С дәрумені журналдарына жазба енгізіліп отыр, дайын тағамдардың сапасына әлеуметтік педагог органолептикалық бағалау жүргізеді. Мектеп медбикесі ас блогының қызметкерлерінің қол тазалықтарын күнделікті тексеріп отырады. Екінші жартыжылдықтан бастап мектеп асханасына «Алақан» бағдарламасы іске қосылып, оқушылар алақан құрылғысы арқылы өтіп тамақтанады. Әлеуметтік желіге күнделікті тамақтану туралы жарияланып отырады. Ата-аналардан оқушылардан ешқандай шағым түскен жоқ.

Зерделеу барысында аспазшылармен жеке кәсіпкерге ұсыныстар айтылды, атап айтқанда тамақ тасымалдайтын жүргізушінің құжаттары түгел болмауы және тартылған ет өнімінің сертификаттарының болмауы анықталды. Кәсіпкер «Ип Махмудова Б» және екі жұмыс күн ішінде құжаттарды түгелдеп көрсету тапсырылды.

Ұсыныс: 1.Асханада оқушылардың тамаққа уақытылы келіп, дұрыс тамақтануын, тәртібін қадағалау сынып жетекшілерге тапсыру.

2.Кәсіпкер «Ип Махмудова Б» тамақтың сертификаттарын 15 күн ішінде уақытылы жолдау.

Мектеп асханасын ұйымдастырушы әлеуметтік педагог м.у.а А.Сейтоваға міндеттелсін.

Әлеуметтік педагог м.у.а: А.Сейтова